«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директорының м.а.
__________ Д.Б.Бакаев

# «Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (ресурстық орталық) жанындағы интернат» КММ 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

## Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

2022-2023 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

**Тәрбиенің мақсаты**: рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, XXI ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

**Тәрбиенің міндеттері:**

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту үшін жағдай жасауда өзбетінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;

3) Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;

4) еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптасытру;

5) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу; мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;

6) психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;

7) әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін дамыту және қолдау;

8) тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;

9) бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру; сондай-ақ, денешынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;

10) бала тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;

11) балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

12) Сынып жетекшілердің кәсіби шығармашылығын дамыту, бірлестік жұмысын күшейту, сынып ұжымын ұйымдастыруға әдістемелік көмек көрсету, талдау-диагностикалауға үйрету.

**Тәрбие жұмысының басым бағыттары**

**Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды ққарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамны ң саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

*Қазіргі уақытта тәрбие жұмысының негізін Елбасының адамгершілік мұрасы «Рухани жаңғыру: қоғамдық сананы жаңғырту» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары құрайды. 2020-2021 оқу жылдарында «Туған елге тағзым» жалпыреспубликалық экспедициясы, ауыл, қала, көше мен елдің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар тарихын зерттейтін «Тарих тағылымы»*, ақындар, жыраулар, күйшілер шығармалары арқылы ұлттық фольклорды зерттейтін «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобалары енгізілген «Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы жалғасын табады.

Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүргізу білім алушылардың 100 жалпыұлттық киелі жерлер туралы білімін бекіте түседі. **Мектеп пен ата-аналар балалардың қоғамға қайшы әрекеттерден бас тарту мәдениетін тәрбиелеуі тиіс.**

**Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие**

Мақсаты:Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

Адамгершілік бейне, адамгершілік сана-сезім; құндылықты сезімдер мен ізгілік қасиеттер, ар-ұят, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, жолдастық, мейірімділік, ұят, табандылық, қайырымдылық, ынтымақтастық, ұлттық келісім құндылығы, өзге халықтардың мәдениеттің, салт-дәстүрін және тілін құрметтеу және дәріптеу құндылығы; өмірге деген этикалық жауапкершілік көзқарас.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы шеңберінде абырой мен қадір-қасиет, Отанға мінсіз қызмет көрсету және ерлік сабақтарын өткізу рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесін дамыту және адамгершілікке тәрбиелеудің едәуір тиімді де мақсатқа сай құралының бірі волонтерлік болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жыл Қазақстанда «Волонтерлер жылы» болып жарияланды.

**2022-2023 оқу жылында кітаптың пайдасын арттыру мен кітап оқуды қолдау мақсатында («Кітап оқу сәні») оқушылар арасындағы кітап оқу сағаттары сақталады. Тиімді нұсқалардың бірі ретінде педагогтарға сабақтың басында әдеби кітапты күнделікті оқыту тәжірибеге айналдыру ұсынылады.**

**Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие**

Мақсаты: Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі, үлкендерді құрметтеу, табиғатқа ұқыпты қарау; ұлт, интернационализм; тарихты есте сақтау; патриоттық рух; Қазақстан ұлттары мен халықтарының гуманистік құндылықтары; ұлттық сана-сезім.

**Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі**

Мақсаты: Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. Толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу, туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

**Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту. Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі.

**Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Білімнің құндылығы; зияткерлік позицияның құндылығы; әр тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы құндылығы; ақпараттылық мәдениеті, кибермәдениет және кибергигиена.

**Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие**

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

Эстетикалық сана-сезім; эстетикалық талғам мен сезім; қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да этностар мен этникалық топтардың ұлттық мәдениет құндылықтарын көркемдік-эстетикалық қабылдау.

**Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.

Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығы; кәсіби іс-әрекеттің тиімділігі үшін психологиялық тұрақтылық; салауатты өмір салты, дене тәрбиесі мен спорт, физикалық жетілдіру мәдениеті құндылығы.

## ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

| Циклограмманы іске асыру |
|---|
| 1.Жалпы мектептік жиындар, мектептегі кезекшілікті ұйымдастыру (мектеп жоспары бойынша апта сайын)<br>2.Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы (айына бір рет,жеке жоспар бойынша)<br>3. «Мектепке жол», «Қауіпсіз мектеп», «Қамқорлық» республикалық акцияларын жүзеге асыру (айлық кезіндегі өткізілетін іс шара) |
| 1.Сынып сағаттары(жеке жоспар бойынша)<br>2.Мектептің өзін-өзі басқару ұйымдарының отырысы (жоспар бойынша)<br>3. Сынып жетекшілерінің отырысы (жоспарға сәйкес тоқсанына бір рет) |
| 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»,«ТУҒАН ЖЕР»,«ЖАС ҰЛАН», «АДАЛ ҰРПАҚ», балалар мен жасөспірімдер бағдарламасын жүзеге асыру ( тәлімгердің жоғары сынып оқушылары кеңесімен, полицияның жас көмекшісі жасағымен жұмысы)<br>2. Қыздар, ұлдар клубы жұмысының бағдарламасын жүзеге асыру (жоспарға сәйкес.) |
| Жалпы мектептік мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (жеке жоспар бойынша).<br>Оқушылардың оқу құралдары мен жеке гигиенасын тексеру ( әр айдың соңында) |
| 1.Спорттық-сауықтыру шаралары (жоспар бойынша)<br>2.Балалар шығармашылығы байқауларына қатысу (түскен хат-хабарламалар бойынша)<br>3. Мектепішілік бақылау (жоспар бойынша күнделікті) |
| 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы (тоқсан сайын)<br>2.Мектептің психологиялық, әлеуметтік қызметінің жұмысы (рейдтер жүргізу, әңгіме-сұхбат, тренингтер өткізу)<br>3.Ашық есік күндері (Ата-аналар) |

**«Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат» КММ тәрбие жұмысы бойынша 2022 - 2023 оқу жылына арналған жоспары**

| № | Іс-шаралар | Орындау мерзімі | Жауаптылар | Шығыс |
|---|---|---|---|---|
| | **І. Ұйымдастыру жұмыстары** | | | |
| 1 | 2022-2023 өткен оқу жылына талдау, бекіту | Тамыз | ДТІЖО | Есеп |
| 2 | Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспарын бекіту | қыркүйек | ДТІЖО | Жоспар |
| 3 | 2022-2023оқу жылына арналған сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын талдау, бекіту | қыркүйек | ДТІЖО | Жоспар |
| 4 | 2022-2023 оқу жылына арналған құқық кеңесінің жұмыс жоспарын талдау,бекіту | қыркүйек | ДТІЖО | Жоспар |
| 5 | 2022-2023 оқу жылына арналған мектепішілік, қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талдау,бекіту | қыркүйек | ДТІЖО | Жоспар |
| 6 | 2022-2023 оқу жылындағы өзін – өзі басқару ұйымдарының «Жас Ұлан» т.б. жылдық жоспарын талдау,бекіту | қыркүйек | ДТІЖО | Жоспар |
| | ***Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін насихаттауға арналған іс-шаралар*** | | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және дұрыс қолдануға жұмыстар жүргізу | Үнемі | ДТІЖО Сынып жетекшілері | Мәлімет |
| 2 | Мемлекеттік рәміздерді дәріптеуі бойынша мәлімет орналастыру. | 01.09-20.09.22 | ДТІЖО Сынып жетекшілері | Қашық-тықтан |
| 3 | Рәміздер тарихын жетік білемін | қазан | Г.Ы.Мұстафина | онлайн |
| 4 | «Елімнің Тәуелсіздігін айқындайтын рәміздер–Герб, Гимн, [illegible] | Жоспарға сай | ДТІЖО Сынып жетекшісі | онлайн |
| 5 | Мемлекеттік стандарттарға сәйкес емес мемлекеттік [illegible] | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ...қындайтын рәміздер–Герб, Гимн, ...сағаттарын өткізу | Жоспарға сай | Г.Ы.Мұстафина | онлайн |
| 5 | Мемлекеттік стандарттарға сәйкес емес мемлекеттік рәміздерді уақытылы жаңартылуы жөнінде жұмыстар | Қажетіне сай | ДТІЖО Сынып жетекшісі | онлайн |
| 6 | «Ұлттық мақтанышымыз – мемлекеттік рәміздер» суреттер байқауын өткізу. 4 маусым – ҚР Мемлекеттік рәміздер күні | 10-14.05.2022 | ДТІЖО Сынып жетекшілері | мәлімет |

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

Тәрбие бағыты: **Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу**

| № | Тақырыбы, түрі | Өту формасы | Мерзімі | Сыныптар | Жауапты | Орындалысы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Әр дүйсенбі күні лездемеде Қазақстан Республикасының Гимнімен бастау | лездеме | Әр дүйсенбі | 1- 11 сыныптар | ДТІЖО сынып жетекшілер | Лездеме, саптық жиын |
| 2 | «Білім күніне» арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық » бірыңғай сынып сағаты. | салтанатты жиын<br><br>Тәрбие сағаты | 1 қыркүйек | 1 сыныптар<br><br>2-11 сыныптар | М.Е.Ерикова Сынып жетекшілер<br><br>Сынып жетекшілер | Фотоақпарат<br><br>Фотоақпарат |
| 3 | «Тіл мерекесі» Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған декада 10 күндік | Тәрбие сағаты | 5-10 қыркүйек | 1-4<br>5-11 | Сынып жетекшілер | Фотоақпарат |
| 4 | «Түнгі көше», «Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» | рейд | Жоспарға сай | - | М.Ж.Амантаев Т.Н.Махаева, М.Е.Ерикова | Фотоақпарат, анықтама |
| 5 | Әскери –оқу орындары. | Тікелей эфирде кездесу | қазан | 8-9 сыныптар | М.Е.Ерикова Ж.А.Тойынбеков | Интернет платформасы арқылы |
| 6 | «Жас Ұлан» ББҰ-на оқушыларды қабылдау | *Салтанатты жиын* | желтоқсан | 5 сыныптар | М.Ж.Амантаев | Анықтама, фотоақпарат |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | 25 қазан Республика күні | *Жоспар құру* | 17.10.2022 ж | 1-11 сыныптар | М.Ж.Амантаев Т.Н.Махаева, М.Е.Ерикова | Анықтама, фотоақпарат |
| 8 | «Біздің таңдауымыз – құқықтық мемлекет» құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу | Дөңгелек үстел | қантар | 8-9-10-11 | А.Ж.Сагындыкова | |
| 9 | «Біз сыбайлас жемқорлыққа карсымыз» құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу | Дөңгелек үстел | сәуір | 8-11 | Т.Н.Махаева | |
| 10 | Ауған соғысының жаңғырығы: «Ұрпаққа үлгі болған ерлік» Кеңес әскерлерінің ауған жерінен шығарылғанына арналған іс-шара | Мерекелік шара, кездесу | ақпан | Жас сарбаз сыныбы | Ж.А.Тойынбеков | Әзірлеме, анықтама |
| 11 | Ұлы жеңіске мәңгілік тағзым!<br>«Ер есімі ел есінен кетпейді» | Тәрбие сағаты<br>мерекелік шара (бастауыш сыныптар) | Мамыр | 1-11 | Сынып жетекшілер АӘД мұғалімі тәлімгер | Әзірлеме, бейне анықтама, фо анықтама |
| 12 | «Карлаг» - қа экспедиция | экседиция | сәуір | 8-9 сыныптар | Мұражай жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі, сынып жетекші | Анықтама,<br>БАҚ мақала шығару |
| 13 | «Қара жартас» қорымына саяхат | экспедиция | мамыр | 10 сыныптар | Мұражай жетекшісі А.Ш.Бопанова | |
| 14 | Нұр-Сұлтан қаласының ұлттық – мәдени объектілеріне бару<br>-ҚР Тұңғыш Президент Музейі<br>-ҚР ұлттық Музейі | экспедиция | сәуір | 11 сыныптар | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілері | Анықтама,<br>БАҚ мақала шығару<br>анықтама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | Соңғы қоңырау салтанаты | Салтанатты жиын | 24-25 мамыр | 1-11 | М.Е.Ерикова сынып жетекшілер, Т.Н.Махаева | Әзірлеме, анықтама |
| 16 | Балалардың сауықтыру лагерьлерінде тақырыптық ауысымдарды, оның ішінде патриоттық және азаматтық бағыттылықты ұйымдастыру және өткізу | Жоспарын бекіту, бағдарламасын дайындау | Жоспарға сай | 1-8 сыныптар | М.Е.Ерикова, Т.Н.Махаева, лагерь жетекшілері, М.Т.Құдайбергенов. | Анықтама |
| 17 | 31-мамыр қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған шаралар | Ақпарат беру | 31 мамыр | 7-11 сыныптар | Т.Н.Махаева | анықтама |
| 18 | 1 маусым- балалар күні «Әркашан күн сөнбесін» асфальтка сурет салу | Сурет салу | Жоспарға сай | жазғы сауықтыру лагерь балалары | лагерь жетекшілері, Т.Н.Махаева | анықтама |
| 19 | 4 шілде ҚР Рәміздер күні - «Менің елімнің рәміздері» іс-шара | Іс-шара | Жоспарға сай | 1-11 | Т.Н.Махаева | анықтама |
| 20 | 6 шілде - Астана күні «Жаса,жайна ару қалам-Астанам!» | Сурет салу | Жоспарға сай | 1-11 | Т.Н.Махаева | анықтама |

**Күтілетін нәтиже:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті, патриотты азамат болуға тәрбиеленеді. Оқушылардың құқықтық санасын оятып, құқықбұзушыларға қарсы тұруға деген дайындығы қалыптасады. Әлеуметтік құндылықтарға құрметпен, мақтаныш сезімдері оянып, жауапкершілікпен карауға тәрбиеленеді.

Тәрбие бағыты: **Рухани- адамгершілік тәрбие.**

Мақсаты: Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

| № | Тақырыбы, түрі | Өту формасы | Мерзімі | Сыныптар | Жауапты | Орындалысы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Мектепке жол» акциясы | қамқоршылық акциясы | Тамыз, қыркүйек | 1-11сыныптпр | Т.Н.Махаева сынып жетекшілер | Хабарлама, мәтіндік есеп, БАҚ бетіне жариялау |
| 2 | Мектеп ережесі, ата-ана міндеті | Ата-аналар жиналысы | Жоспарға сай | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | Анықтама,әзірлеме |
| 3 | «Адамға қуаныш сыйла» | Қамқорлық акция | Қантар наурыз | 1-11сыныптар | М.Е.Ерикова Т.Н.Махаева, | Анықтама, әзірлеме |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | «Қоғамға қызмет» волонтерлық балалар қозғалысы әлеуметтік жобасы бойынша шаралар ұйымдастыру | волонтерлық көмек | Жоспарға сай | еріктілер | Еріктілер клубы, Т.Н.Махаева | Фото анықтама |
| 5 | «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының жұмысын ұйымдастыру | Жеке жоспар | үнемі | 8-9 сыныптар | М.Е.Ерикова<br>Т.Н.Махаева | **Анықтама, әзірлеме** |
| 6 | Қарттар күніне арналған «Жақсы істер мектебі» | Бейне құттықтау | 1 қазан | 1-11 | Т.Н.Махаева | Анықтама , БАҚ мақала |
| 7 | «Ұстаз – мектептің жүрегі» ұстаздар күніне арналған шаралар | Бейне құттықтаулар | Қазан | 1-11 | «Жас ұлан» ұйымы, сынып жеткшілер | Инстаграм желісіне Бейнеролик жүктеу |
| 8 | «Сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді!» | сурет салу Бейнероликтер, | қантар | 1-7<br>8-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | Әзірлеме, анықтама |
| 9 | «Өз тағдырыңа балта шаппа, жеткіншек» | құқық қорғау органдары, діни бірлестік қызметкерлерімен кездесу, ақпарат беру | ақпан | 7-9 сыныптар | А.К.Жақсыбекова<br>Т.Н.Махаева | анықтама |
| 10 | Алтын күз мерекесі | Мерекелік шара | қазан | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | Мерекелік шараның әзірлемесі мен анықтамасы |
| 11 | Жаңа жыл мерекесі «Жарқырасын шыршамыз» шырша тойы | Мерекелік шара | желтоқсан | 0-4 сыныптар<br>5-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | Әзірлеме, анықтама |

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылардың бойында үлкенді сыйлауға, құрметтеуге, кішіге ізет көрсетуге, адамгершілік қасиеттері оянады. Рухани байлықтары кеңейеді. Өзінің арына, парызына ой мен сөз бірлігіне, өз мінез - құлқын жетілдіруге, адамдарға риясыз қызмет етуге , өз ата - анасын, Отанын құрметтеуге үйренеді.

*Мақсаты:* Тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

| № | Тақырыбы, түрі | Өту формасы | Мерзімі | Сыныптар | Жауапты | Орындалысы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Қазақстанның сакралды географиясы» | Ақпараттандыру сабағы | қараша | 1-11 | Музей жетекшісі А.Ш.Бопанова | Қашықтықтан. Бейнероликтерді көрсету |
| 2 | «Ұлттық теңге күні» | Ақпараттандыру сабағы | 15 қараша | 1-11 | А.Ж.Сағындықова | Ақпараттандыру сабағы |
| 3 | «Мерекеңмен анашым» | концерттік бағдарлама | Наурыз | 1-4 сынып<br>5-10 сынып | Сынып жетекшілер | Әзірлеме, фото, бейне анықтама |
| 4 | «Мектеп аруы», «Кішкентай арулар» | байқау | Наурыз | 1-11сыныптар | «Қызғалдақ» қыздар клубы | Әзірлеме, фото және бейне анықтама |
| 5 | «Армысың әз – Наурыз!» | Тәрбие сағаты<br><br>Мерекелік іс – шара | 20-наурыз | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | Әзірлеме, фото және бейне |
| 6 | «Асық ату», «тоғыз құмалақ» | жарыс | сәуір | 1-9 сыныптар | Денешынықтыру пәнінің мұғалімдері | Марапаттау, БАҚ мақала |
| 7 | Ақсу – Аюлы ауылының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің танымал спортшысы Қанжанов Бейімбетпен кездесу | кездесу | қаңтар | 5-10 сыныптар | Нокин Е.Б. Шайзадаев Д.Т. тәлімгер | Фото анықтама, интернет желісіне жүктеу |
| 8 | «Менің өлкемнің беделді тұлғалары» | ауыл қайраткерлері мен кездесу | қазан | 5-11 сыныптар | А.Ш.Бопанова | Интернет платформасында тікелей эфир |
| 9 | «Туған жердің тарихы мен тағлымы» туған жерге тағзым жобасы аясында | Танымдық сабақ | қараша | 1-11 | А.Ж.Сағындықова | Интернет платформасында тікелей эфир |
| 10 | «Өлкеңді танығаның өзіңді танығаның» | кітапхана мен музейге саяхат | Наурыз-мамыр | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | Фото анықтама |
| 11 | «Дәстүрлі әншілер» | кездесу | ақпан | 9 сынып | Қ.Т.Төлепбергенов | Интернет платформасында тікелей эфир |

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылардың бойында үлкенді сыйлауға, құрметтеуге , кішіге ізет көрсетуге , адамгершілік қасиеттері оянады.

Рухани байлықтары кеңейеді. Өзінің арына, парызына ой мен сөз бірлігіне , өз мінез-құлқын жетілдіруге, адамдарға риясыз қызмет етуге , өз ата-анасын, Отанын құрметтеуге үйренеді.

Тәрбие бағыты: **Отбасылық тәрбие**

Мақсаты: Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын,психологиялық - педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

| № | Тақырыбы, түрі | Өту формасы | Мерзімі | Сыныптар | Жауапты | Орындалысы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ата – анамның жұмыс орнындағы 10 күнім» әлеуметтік жобасы | Жоба жазу<br>А) буклеттер жасау, жобалар қорғау<br>Ә) эссе жазу, жобалар қорғау | Жоспарға сай | 7-8 сынып<br>9-10 сынып | Пән мұғалімдері<br>Жоба жетекшілері<br>Сынып жетекшілері | Әлеуметтік жобаны қорғау, марапаттар |
| 2 | «Ата – анамның жұмыс орнындағы 1 күнім» әлеуметтік жобасы | Жоба жазу<br>А) буклеттер жасау, жобалар қорғау<br>Ә) эссе жазу, жобалар қорғау | Жоспарға сай | 2-4 сыныптар | Сынып жетекшілері | Әлеуметтік жобаны қорғау, марапаттар |
| 3 | Отбасы күніне арналған іс-шара | байқау | қыркүйек | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | Марапаттау. БАҚ |
| 4 | 15 мамыр-Халықаралық отбасы күніне арналған іс-шаралар | Арнайы жоспар бойынша | 15.05.2022 | 1-11 | Сынап жетекшілер | Марапаттау. БАҚ |
| 5 | Қамқоршы күніне іс-шара | Көмек көрсету | 29.10.2021 | - | Т.Н.Махаева ДТІЖО | |
| 6 | «Қамқоршылық кеңесінің рөлі» ата-аналарды әртүрлі мектепішілік іс-шараларға тарту | ата-аналарды әртүрлі мектепішілік іс-шараларға тарту | үнемі | 1-11 | М.Е.Ерикова | Іс-шараға байланысты анықтама |
| 7 | «Толағай» | Отбасылық спорттық жарыс | ақпан | 3-4 сыныптар | Сынып жетекшілер | Марапаттар, БАҚ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Жалпы мектепішілік ата-аналар және сыныптық жиналыстар өткізу | жиналыс | Тоқсанына 1 рет | 1-11 | Дене шынықтыру пән мұғалімдері М.Е.Ерикова Сынып жетекшілер | мәлімет |
| 9 | Жалпы Республикалық ата-аналар жиналысы мен мектепішілік жиналыстар | Онлайн және дәстүрлі жиналыс | Жоспарға сай | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер, жүйе әкімшісі | анықтама |
| 10 | Еңбек десанты «Ауланды тазала» | сенбілік | сәуір | 1-11 | М.Е.Ерикова Сынып жетекшілер | Сынып бойынша басы қосылған 1 бейнерожлик |
| 11 | Мектепішілік «Ашық есік күнін» өткізу | Ата-анамен байланыс | ақпан | 4 сыныптар | Ж.М.Асылбекова | Әзірлеме, анықтама |

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылар отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта екенін, отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы екенін, отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысатынын, мінез-құлық нормаларын игеретінін біледі. Өнегелі отбасылармен кездестіргенде өздері де болашақ анна мен әке болғанда үлкен өнегелі азамат пен азаматша болуға өздерін қалыптастырады. Ата-аналар мектепте біріккен кездесулерде , дөңгелек үстелдерде, тренингтерде балаларының әрбір қасиетіне көңіл бөліп, балаларының дарындылықтарын дамытуға, жауапты бала тәрбиелеуге, неке құндылықтарына құрметпен қарауға құнды деректер алады

Тәрбие бағыты: **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**
Мақсаты: Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

| № | Тақырыбы, түрі | Өту формасы | Мерзімі | Сыныптар | Жауапты | Орындалысы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Эколологиялық тақырыпта тәрбие сағаттары | Тәрбие сағаттары | Жоспарға сай | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | анықтама |
| 2 | «Рухани жаңғыру. Шебердің қолы ортақ» | Көрме ұйымдастыру | Жоспарға сай | 1-11 сыныптар | Г.Т.Тлеуберлина Н.Ж.Темірбеков | Әзірлеме, анықтама |
| 3 | «Жасыл ел» бағдарламасына сәйкес көркейту, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу | сенбілік | бейсенбі | 6-11 сыныптар | М.Е.Ерикова Т.Н.Махаева Сынып жетекшілер | Әзірлеме, анықтама |
| 4 | «Қол ұшын беру» «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдердің жұмысы | Көмек көрсету | үнемі | 5-11 сыныптар | Т.Н.Махаева | анықтама |
| 5 | «Құстар біздің досымыз» акциясы | аукцион | сәуір | 1-8 сыныптар | Сынып жетекшілер | Сынып бойынша басы қосылған 1 бейнеролик |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Республикалық, облыстық сенбіліктерге қатысу | сенбілік | Жоспарға сай | 6-11 сыныптар Мектеп қызметкерлері | Сынып жетекшілер М.Е.Ерикова А.Б.Ақпанова | Фото анықтама |
| 7 | Гүлдендіру жұмыстары | Мектеп ауласы мен сыныпты гүлдендіру | үнемі | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | анықтама |
| 8 | Қаржы сауаттылық күні. Оқушылардың қолдан жасаған еңбектерінен жәрмеңке | Жәрмеңке | Сәуір | 1-10 сыныптар | М.Е.Ерикова А.М.Садибекова Сынып жетекшілер | Фото анықтама |
| 9 | «Мен таңдаған мамандық» | тренинг | сәуір | 9,11 сыныптар | А.К.Жақсыбекова | анықтама |
| 10 | Табысты кәсіпқойлармен кездесу | кездесу | Жоспарға сай | 9-11 сыныптар | А.Ж.Сагындыкова | Анықтама, БАҚ мақала |
| 11 | «Ең жасыл сынып» | Байқау | Жыл бойы | 1-37 кабинеттер | Кабинет меңгерушілері | мадақтау |
| 12 | «Ең таза сынып» | байқау | Жыл бойы | 1-37 кабинеттер | Кабинет меңгерушілері | мадақтау |

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылар экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне, қоршаған ортаны қорғау саласындағы әртүрлі қызметке, позитивті көзқарас қалыптастыруға, экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға, еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге үйренеді.

Тәрбие бағыты: **Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие**

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

| № | Тақырыбы, түрі | Өту формасы | Мерзімі | Сыныптар | Жауапты | Орындалысы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні «Ынтымақ – достық кепілі» | мерекелік іс - шара | Мамыр | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | *Әзірлеме, анықтама* |
| 2 | Діни экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу. «Дін және шындық» «Әлемдік діндер. Тарих және заман» | Дөңгелек үстел | наурыз | 5-11 сыныптар | Г.Ы.Мұстафина Қ.Қ.Қантарбеков Сынып жетекшілер | *Әзірлеме, анықтама* |
| 3 | 18 қазан – Рухани келісім күні. «Әлемнің болашағы – халықтардың достығы мен келісімінде» | Ақпарат беру | қазан | 1-11 сыныптар | *А.Ж.Сагындыкова* | *Инстаграм парақшасы* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Ыбырай оқулары | Байқау | Қараша | 1-4 сынып | Ж.М.Асылбекова | марапаттар |
| 5 | Ыбырай оқулары мектепішілік | Байқау | Жоспарға сай | Магниттік мектептер арасында | А.М.Садибекова | марапаттар |
| 6 | «Ақберен» байқауын өткізу | байқау | Жоспарға сай | 8-11 сыныптар | Ж.К.Адамкулова | марапаттар |
| 7 | «Қазақтың 100 күйі» | Домбыра ойнауды үйренейік | Жыл бойы жоспарға сай | 5-10 сыныптар | Қ.Т.Төлепбергенов | Фото және бейне анықтама |
| 8 | «Қазақтың 100 әні» | Концерттік бағдарлама | Жоспарға сай | 5-10 сыныптар | Қ.Т.Төлепбергенов | Фото және бейне анықтама |
| 9 | «Біз терроризмсіз әлемді қолдаймыз!» | Сурет байқауы | Жоспарға сай | 5-7 сыныптар | Т.Н.Махаева | марапаттау |
| 10 | Кітапханадағы «Дін және қауіпсіздік» «Діни диалог» тақырыптық сөресін безендіру | Стиллаж дайындау | Жоспарға сай | кітапханашылар | А.Б.Абжанова | анықтама |

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылар толеранттық және ғаламдық пікірмен санасуға, көпмәдениеттілік және көптілділікті үйренуге, мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білуге, мәдениетаралық әрекетке, қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына, қарым-қатынас мәдениетіне, эстетикалық мұраттарға көркемөнер құндылықтарына, шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық ұмтылыстарын танытады. Сөздік қорлары молайады. Өзін-өзі дамытуға,ізденуге, шығармашылықпен айналысуға,қалыптастыруға дамытады.

Тәрбие бағыты:**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы менпсихологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

| № | Тақырыбы, түрі | Өту формасы | Мерзімі | Сыныптар | Жауапты | Орындалысы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Рухани жаңғыру-жастар таңдауы» | Спорттық жарыс | Жоспарға сай | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | |
| 2 | Жеңілатлетикалық көктемгі кросс | жарыс | сәуір | 4-11 сыныптар | Е.Б.Нокин В.М.Тугельбаева | Марапаттау, анықтама |
| 3 | Сергіту сәті (физминутка) | физминутка | үнемі | 1-11 сыныптар | Пән мұғалімдері | физминутка |
| 4 | Шаңғы жарысы | Шаңғы жарысы | Қаңтар | 4-11 сыныптар | Д.Т.Шайзадаев | Жарыс қорытындысы бойынша марапаттар, жоспар анықтама, фотосуреттер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | 24 сәуір – Бүкіләлемдік туберкулезбен күресу күні | Сурет салу | сәуір | 1-11 сыныптар | В.М.Тугельбаева Сынып жетекшілер | Әзірлеме, анықтама |
| 6 | 1-желтоқсан –ЖИТС-ке қарсы күрес күні | Сурет салу | желтоқсан | 1-11 сыныптар | В.М.Тугельбаева Сынып жетекшілер | Әзірлеме, анықтама |
| 7 | Темекі шегушілік-қауіпті әдет». | онлайн | қараша | 9-11 сыныптар | В.М.Тугельбаева Сынып жетекшілер | Әзірлеме, анықтама |
| 8 | «Зиянды әдеттерден сақтанамыз» тақырыбында есірткілерді, спирттік ішімдіктерді, темекі өнімдерін пайдаланудың зияны туралы кітап көрмесі | көрме | ақпан | 1-11 | А.Б.Абжанова | анықтама |
| 9 | СӨС. Қауіпсіз жаз. | Ақпараттық сағат | мамыр | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер | Әзірлеме, анықтама |
| 10 | Флешмоб жобасы бойынша жұмыстар | флешмоб | Үнемі | 1-10 сыныптар | Т.Н.Махаева | анықтама |
| 11 | Спорттық үйірмелерін таңдау, жоспарын бекітуге ұсыну:<br>Тоғызқұмалақ<br>Шахмат<br>Үстел тенисі<br>Волейбол<br>Асық ату<br>Баскетбол | | Сәрсенбі, бейсенбі<br>Сәрсенбі<br>Жұма<br>Сейсенбі<br>Бейсембі<br>Дүйсенбі<br>Сәрсенбі | 9-10 сыныптар<br>9-11 сыныптар<br>8-10 сыныптар<br>5-11 сыныптар | Е.Б.Нокин<br>Д.Е.Абаканов<br>Д.Т.Шайзадаев<br>Қ.Қ.Қосыбаев<br>А.Ж.Бөлкенбаев | Тоқсандық анықтама |
| 12 | Интернеттің зияны мен пайдасы | ақпараттық сағаты | қантар | 1-11 сыныптар | М.Т.Құдайберген ов | Инстаграм парақшасына тікелей эфир. Әзірлеме, анықтама |
| 13 | Қанекей, жігіттер | сайыс | ақпан | 9-10 сыныптар | Ұлдармен жұмыс Ж.А.Тойынбеков | марапатау |

*Тәрбие бағыты:***Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу**

*Мақсаты: Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.*

| № | Тақырыбы, түрі | Өту формасы | Мерзімі | Сыныптар | Жауапты | Орындалысы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Өрт қауіпсіздігіне арналған бұрышын толықтыру. | бұрыш | 30 қазанға дейін | 11 сыныптар | Ж.А.Тойынбеков | Бұрышты жаңарту |
| 2 | ТЖБ-нің қызметкерлерімен кездесу | кездесу | Жылына 1 рет | 8-11 сыныптар | Ж.А.Тойынбеков Сынып жетекшілер | Мәлімет беру |
| 3 | Өрт қауіпсіздігі туралы не білесің?», Өрттен қорғану, өртке қарсы құрал жабдықтарды қолдана білу» | Ақпараттық бейнероликтер | қазан | 1-11 сыныптар | Ж.А.Тойынбеков Сынып жетекшілер | әлеуметтік |
| 4 | «Туған жер-алтын бесік» | патриоттық әндер байқау | мамыр | 1-11 сыныптар | К.Т.Төлепбергенов Сынып жетекшілер | бейнеролик |
| 5 | «Қауіпсіз интернет» акция /жеке жоспар/ | акция | Күзгі каникул кезінде | 3-11 сыныптар | Қ.Қ.Амангелдиев Сынып жетекшілер | анықтама |
| 6 | «Киберқауіпсіздік» | ақпараттандыру | Жоспарға сай | 5-11 сыныптар | Қ.Қ.Амангелдиев | Әзірлеме, фото анықтама |
| 7 | «Мектеп оқушысының кітап оқу іс – әрекеті» | Іс-шара | Жоспарға с ай | 5-11 сыныптар | А.Б.Абжанова | Әзірлеме, анықтама |
| 8 | «Бастауыш сыныппен қоштасу» | ертеңгілік | мамыр | 4 сыныптар | А.Ж.Амирова А.Е.Қосыбаева | Әзірлеме, анықтама |
| 9 | «Біз терроризмге қарсымыз!», «Менің отаным - Қазақстан» | Шығармалар байқауы | Жоспарға сай | 2-11 сыныптар | Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері | марапаттау |

**Күтілетін нәтиже:** Оқушылар өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалануға, сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалануға, зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне, пікірталас жүргізу дағдылары, жасампаз қызметке, топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға, ақпарат көздерін сыни іріктеуге,Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне, Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіруге, Интернеттік-сауаттылықтарын қалыптастыруға, ақпараттық қызметте және байланыс жасауды этикалық нормаларға, жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылуға және қызығушылық білдіруге тәрбиеленеді.

Орындаған : М.Ерикова